

«8D01503 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Мұсахан Нүркен Парсаханұлының «Мектеп физика курсына энергияны пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Мұсахан Нүркен Парсаханұлының диссертациялық жұмысы бүгінгі білім беру кеңістігінде жоғары маңызға ие өзекті мәселелердің бірі – энергия ұғымын мектеп физика курсына пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастыруға арналған. Қазіргі заманауи білім беру парадигмасында интеграцияланған мазмұн арқылы оқушылардың тұтас ғылыми дүниетанымын қалыптастыру жалпы орта мектептердегі басым бағыттардың біріне айналуда. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация тақырыбы ғылыми, педагогикалық және практикалық жағынан маңызға ие және білім беру жүйесінің сұраныстарына сай келеді.

Докторант зерттеу барысында алдына қойылған міндеттердің шешімі бойынша терең ізденіс жүргізіп, энергия ұғымының теориялық негіздерін, тарихи-ғылыми дамуын, мектеп бағдарламасындағы мазмұнын және басқа пәндермен өзара байланысын жан-жақты қарастырып, оқытудың тиімді әдістерін ұсынды. «Пәнаралық байланыс» ұғымын жай қосымша элемент ретінде емес, оқыту жүйесінің өзегі ретінде қарастырып, ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеген және нақты тәжірибеде қолдануға болатын модель ұсынып отыр.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді. Жұмыстың теориялық бөлігінде докторант отандық және шетелдік әдебиеттерді кең көлемде саралап, ғылыми көзқарастарды салыстырмалы талдау арқылы өзінің ұстанымын қалыптастыра алған. Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер ұтымды пайдаланылып, зерттеу нәтижелері нақты дәлелдермен бекітілген.

Практикалық бөлімде ізденуші пәнаралық байланысқа негізделген сабақ құрылымдарын, тапсырмалар жүйесін, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеп, оларды жалпы білім беретін мектептер базасында сынақтан өткізген. Педагогикалық эксперимент нәтижелері энергия ұғымын пәнаралық контексте оқытудың оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыратынын, танымдық белсенділік пен түсіну деңгейін жақсартатынын, функционалдық сауаттылықты дамытуға оң әсер ететінін көрсеткен. Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы мен қолданбалы сипатын айқындайды.

Докторант жұмыс барысында өз бетімен ізденіп, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді терең талдай алатын, педагогикалық процесті жобалап, оның нәтижелерін талдай білетін кәсіби деңгейі жоғары, ғылыми мәдениеті қалыптасқан зерттеуші ретінде танылды. Зерттеу нәтижелері бірнеше отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, соның ішінде ҚР ҒЖБМ

ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда және халықаралық конференцияларда жарияланған, бұл оның ғылыми нәтижелерінің ашықтығы мен маңыздылығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, философия докторы (PhD) дәрежесіне үміткер Н.П. Мұсаханнның «Мектеп физика курсында энергияны пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан терең, құрылымы жүйелі, ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы жоғары, педагогикалық ғылым саласындағы өзекті мәселелердің біріне арналған және білім беру жүйесіне нақты үлес қоса алатын еңбек болып табылады.

Мұсахан Нүркен Парсаханұлының «8D01503 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Мектеп физика курсында энергияны пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертация жазуға қойылатын талаптарды сақтай отырып жазылған жұмыс деп санаймын және 8D01503 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ашық қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Физика кафедрасының
профессоры, ф.-м.ғ.д.



Т.А. Турмамбеков